

31 желтоқсан 2024



## Меншікті бағалы қағаздардармен мәмілелер туралы ақпарат Тұрақты есеп

Алматы, Қазақстан - «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі - «Қоғам») 2024 жылғы 30 сәуірде жарияланған Акциялар мен ҒДҚ-ды сатып алу бағдарламасына сәйкес («Бағдарлама») Қоғамның жай акцияларының («Акциялар») және Акцияларға қатысты құқықтарды қуәландыратын ғаламдық депозитарлық қолхаттардың («ҒДҚ») төменде көрсетілген санын «Halyk Finance» АҚ арқылы 2024 жылдың 24 желтоқсан және 30 желтоқсан аралығында (бұдан әрі - «есеп беру кезеңі») сатып алу туралы хабарлайды.

Бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде құн сайын жасалған мәмілелер туралы біріктірілген ақпарат төменде көрсетілген:

Мәміле күні	Мәміле жасалған биржасы	Акциялардың бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (теңге)	ҒДҚ-ның бір күнде сатып алудың орташа өлшенген бағасы (АҚШ долл.)	Сатып алынған Акциялардың жалпы саны	Сатып алынған ҒДҚ-ның орташа саны	Мәмілелердің жалпы бағасы (АҚШ долл.)*
24.12.2024	AIX / KASE	815,45	-	66 626	-	103 738,78
25.12.2024	AIX / KASE	811,09	-	17 217	-	27 068,94
26.12.2024	AIX / KASE	813,07	-	3 511	-	5 543,86
27.12.2024	KASE	818,80	-	47 913	-	76 140,06
30.12.2024	KASE	817,52		13 803		21 625,17
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және есеп беру кезеңінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				149 070 Акция	- ҒДҚ (- Акцияға қатысты құқықтар- ды қуәланды- ратын)	234 116,80 АҚШ долл.
Сатып алынған Акциялар мен ҒДҚ-ның саны және Бағдарламаны іске асыру шеңберінде жасалған мәмілелердің жалпы бағасы:				3 263 423 Акция	343 783 ҒДҚ (1 375 132 Акцияға қатысты құқықтар- ды қуәланды- ратын)	8 208 422,31 АҚШ долл.

\* Акцияларды сатып алу мәмілелер бөлігінде, тиісті мәміле жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша

Бағдарлама шеңберінде «Halyk Finance» АҚ жасаған жекелеген мәмілелер бойынша ақпарат төмендейгі сілтеме бойынша қолжетімді:

<https://ir.airastana.com/media/8dd29692dc7a066/detailed-information-31-12-2024-kz.pdf>

Осы хабарландыру қандай да бір юрисдикциядағы бағалы қағаздарды ұсыну туралы ұсыныс немесе өтініш болып табылмайды. Қоғам да, Бағдарлама мақсаттары үшін Қоғам тартқан брокерлер де, олардың үлестес тұлғалары да (немесе олардың тиісті директорлары, қызметкерлері, агенттері немесе кеңесшілері) ҒДҚ-ның акционерлері немесе ұстаушылары өздерінің кез келген немесе барлық Акцияларын немесе ҒДҚ-ны сатуға тиіс пе екендігіне қатысты ешқандай ұсынымдар бермейді. ҒДҚ акционерлері мен ұстаушыларына Бағдарламаға қатысуға қатысты өз қаржылық ақыл-кеңестері үшін өзінің брокеріне (леріне), инвестициялық менеджеріне (леріне), заң кеңесшісіне (леріне), бухгалтеріне (леріне), кастодианына (леріне) немесе басқа да уәкілетті тәуелсіз қаржы кеңесшісіне (леріне) жүгіну ұсынылады. Акциялары және/немесе ҒДҚ-ны оның атынан брокерде, дилерде, банкте, кастодианда, траст компаниясында немесе басқа номиналды ұстаушыда сақталатын кез келген жеке тұлға немесе компания, егер олар Бағдарламаға қатысқысы келсе, осындай тұлғаға жүгінуге тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін [ir.airastana.com](http://ir.airastana.com) сайтына кіріңіз немесе төменде телефондарға хабарласыңыз:

#### Air Astana

Инвесторлармен байланыстар  
жөніндегі қызмет  
[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

#### Air Astana

Корпоративтік коммуникациялар  
жөніндегі департамент  
[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

#### Instinctif Partners

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

## Қоғам туралы

«Эйр Астана» АҚ Тобы («Эйр Астана» АҚ және «FlyArystan» АҚ) кірісі мен өве флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 57 ұшақтан тұратын өве кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қызыл Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өнірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жұк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екі рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік қызмет көрсету» маралатын сегізінші рет иемденіп отыр. FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды. Сонымен қатар, «Эйр Астана» АҚ APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жүлдізды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).